

ӘЛЕКЕҢЕ

Арнама

Марғұлан Қаһан Әлкейдің
- Жерімен мықты Өнтейдің
Жетпіске толған жасына,
Жаралған ардан жетелі,
Аймаңдай торсық шекелі
Құдды бір Будда басына,
Күмбездей басты бүркелей
Күлдіреуіштенген күркелей,
Бұйра жал толқын шашына
Кемеңгер қоңыр дидары
Битабар балуан тұлғалы
Сүйекті сұңғақ бойына,
Елу жыл болмай тынымы.
Қазба да жазба білімі
Телегей - теңіз ойына.
Зиялы қауым жиналып,
Жастары жайнап нұрланып,
Шешендер сайрап сұңқылдап,
Мешеулер мыжып мыңқылдап,
Шайырлар лаулап аңқылдап,
Өн-күй,би толқып былқылдап
- Мерекең көңлін көтерген
Мерейлі думан тойына.

1974 ж.